



Ембі ТЫНЫСЫ

№8 (138)
ТАМЫЗ
2025 ЖЫЛ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз



ҚҰТТЫҚТАУ

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР, САЛА АРДАГЕРЛЕРІ!


Сіздерді Қазақстан Республикасының Конституциясының 30 жылдық мерейтойымен құттықтаймыз!

Осыдан дәл 30 жыл бұрын, 1995 жылы қабылданған Ата Заңымыз – тәуелсіз мемлекетіміздің негізін қалаған, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын бекіткен, ел бірлігі мен тұрақтылығын нығайтқан тарихи құжат. Осы жылдар ішінде Конституция ел дамуының берік тұғырына айналды.

Мұнай-газ кешені – мемлекет экономикасының өзегі. Сіздердің адал еңбектеріңіз, кәсіби біліктіліктеріңіз, өндірістегі жауапкершіліктеріңіз – ел дамуына қосылған сүбелі үлес. Бұл – Ата Заңымызда көрсетілген еңбекке, әділетке және өркендеуге негізделген құндылықтардың нақты көрінісі.

Сіздерге зор денсаулық, береке-бірлік, табысты қызмет пен отбасыларыңызға амандық тілейміз! Егемен еліміздің игілігі жолындағы еңбектеріңіз жемісті болсын!

Құрметпен, «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы



ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР, САЛА АРДАГЕРЛЕРІ!

Сіздерді мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Мұнай-газ секторы ел экономикасының күретамыры екенін ескерсек, бұл салада Компаниямыздың да зор үлесі барын мақтанышпен айтамыз.

«Ембімұнайгаз» АҚ 2012-2024 жылдар аралығында Ұлттық қор, республикалық және жергілікті бюджетке салық төлемдері ретінде 1 трлн 780 млрд 977 млн теңге және мұнайлы өндіріс әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға – 7 млрд 212 млн теңге қаражат аударды. Мұнайлы өндіріс әлеуметтік-экономикалық дамуына және жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігінің жақсаруына қосылып отырған бұл үлес – ембіліктердің қажырлы еңбегі мен бірлігі, кәсіби шеберліктерінің жемісі.

Өзінің ғасырдан астам тарихында Компания үлкен қалыптасу жолынан өтіп, бүгінде қарқынды даму жолына түсті. Соңғы жылдары энергия ресурстарын үнемдеп, шығындарды оңтайландыруға мүмкіндік беретін жаңа технологияларды өндіріске енгізіп, бірқатар инвестициялық жобаларды қолға алуда. Ембі кен алаңдарында сәтті жүзеге асып жатқан бұл бастамалар өндіріске жаңа тыныс әкеледі деп күтілуде.

Мұнайшы мамандығы – қызығы мен қиындығы қатар жүретін ізгі кәсіп. Олар – жеті қат астындағы қазына-байлықты халық игілігіне айналдыру үшін табиғаттың қарлы бораны мен жауын-шашынын елемей, күш-жігерлерін аянбай жұмсап, қара алтынның халық игілігі жолында жұмсалыуына тер төгіп жүрген мамандық иелері. Мұнайшылар қай кезде де үлкен құрметке лайық!

Сіздерді кәсіби мерекемен құттықтай отырып, зор денсаулық, отбасылық амандық пен қуаныш тілейміз! Еңбектеріңіздің жемісі әрдайым ел игілігіне айнала берсін!

Құрметпен, «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы

ӨНДІРІС

ІЛЕСПЕ МҰНАЙ ГАЗЫН КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ АУҚЫМДЫ ЖОБАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРДЫ



«Ембімұнайгаз» компаниясы «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында ілеспе мұнай газын кәдеге жарату бойынша ауқымды жобаны жүзеге асырды.

2»

ОТБАСЫ КҮНІ

ЕҢБЕКТЕН ТАПҚАН БАҚЫТЫН

Ғасырдан астам тарихы бар қарт Ембі – қазақ мұнайының қара шаңырағы болумен қатар, бақыт мекені. Олай деуімізге себеп – мұнай өндіру саласының тек еңбек пен жауапкершіліктің ғана емес, өмірлік серігінді табатын орта да бола алатынын дәлелдеген ембілік мұнайшылар.

Өндірістегі қайнаған жұмыс бары-

сында танысып, бірін-бірі қолдаған, отбасын құрғандар – қиындығы мен жауапкершілігі тең жүретін мұнайшы өмірінің жарқын сәттерінің айқын үлгісі.

Отбасы күні қарсаңында біз «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Прорва кен алаңында еңбек ететін ерлі-зайыпты мұнайшы әріптестерімізбен арнайы тілдестік.



7»

ҚАБЫЛДАУ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК» АҚ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ АСХАТ ХАСЕНОВТІ ҚАБЫЛДАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаевқа ұлттық компанияның биылғы жеті айда атқарған жұмысының нәтижелері жөнінде есеп берілді.

Асхат Хасеновтің айтуынша, «ҚазМұнайГаз» геологиялық барлау жұмыстарын белсенді жүргізіп келеді. Биыл қолданыстағы кен орындарын қосымша барлау үшін жеті ұңғыманы бұрғылау жоспарланып отыр. Оның үшеуі бұрғыланды.

Қытайдың SINOOC компаниясы алғаш рет еліміздегі геологиялық барлау ісіне қаржы құюға шешім қабылдады.

Сондай-ақ Sinorec компаниясы Қазақстанға қомақты инвестиция салуға ниетті. Shell, Chevron, British Petroleum трансұлттық корпорациялары Атырау, Ақтөбе және Маңғыстау өңірлеріндегі учаскелерді жан-жақты зерттеуде.

Президентке соңғы 7 айда мұнай мен конденсат өндірісінің көлемі 15,3 миллион тоннаны құрағаны туралы баяндалды. Бұл 2024 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 9



пайызға жоғары. Ал табиғи және ілеспе газды өндіру көлемі 6,7 миллиард текше метрге жетті, яғни былтырғы жылдың көрсеткішінен 19 пайызға артық. Батыс Прорва (Атырау облысы), Өріқтау (Ақтөбе

облысы), Рожков (Батыс Қазақстан облысы) кен орындарында газ өңдеу көлемін ұлғайту жобалары жүзеге асырылып жатыр.

Мемлекет басшысына мұнай тасымалдау көлемі 49 миллион тонна-

ны құрағаны туралы мәлімет берілді. Қосымша тасымалдау бағыттарын дамыту жұмыстары қолға алынды: жеті айда Әзербайжан бағытына 0,9 миллион тонна, Германияға 1,1 миллион тонна мұнай тасымал-

данды. Мажарстанға 85 мың тонна көлемінде Қазақстан мұнайының алғашқы партиясы жеткізілді.

Биыл отандық мұнай өңдеу зауыттарында 10,4 миллион тонна мұнай өңделді. Соның ішінде жанар-жағармай өндірісі 7,8 миллион тоннаға жетіп, 936 мың тоннаға ұлғайды. Бұл – рекордтық көрсеткіш.

Асхат Хасенов Маңғыстау облысындағы Кендірлі зауытында тұштылған теңіз суы Жаңаөзен қаласының су тарату желісіне жіберіле бастағанын айтты. Бұдан бөлек, қуаты 247 МВт болатын гибриді электр стансасының құрылысы жүріп жатыр. Жылына 1 млн 250 мың тонна өнім шығаратын полиэтилен зауыты бой көтеруде. Жоба құны – 7,4 миллиард доллар.

Сонымен қатар Президентке өңірлерде жүзеге асырылып жатқан әлеуметтік жобалар таныстырылды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы геологиялық барлау және ірі инвестициялық бастамаларды іске асыру бойынша жүйелі жұмысты жалғастыруды тапсырды.

<https://www.kmg.kz/press-center>

КӨРСЕТКІШТЕР

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК» АҚ-НЫҢ 2025 ЖЫЛҒЫ 6 АЙДАҒЫ ҚАРЖЫ НӘТИЖЕЛЕРІ

2024 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 2025 жылдың бірінші жартыжылдығындағы негізгі қаржы көрсеткіштер:

Түсім 4 трлн 239 млрд теңгемен салыстырғанда 4 трлн 500 млрд теңгеге жетті; EBITDA көрсеткіші 984 млрд теңгемен салыстырғанда 1 трлн 142 млрд теңгені құрады;

Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың кірісіндегі үлесті қоса алғанда, компанияның таза пайдасы 550 млрд теңгемен салыстырғанда 534 млрд

теңгені құрады;

Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлесіне түзетілген таза пайда 591 млрд теңгемен салыстырғанда 660 млрд теңгені құрады; Бос ақша ағымы 604 млрд теңгемен салыстырғанда, 682 млрд теңгені құрады;

2025 жылғы 30 маусымдағы Компанияның таза қарызы 2024 жылғы 31 желтоқсандағы 1 трлн 163 млрд теңге деңгейіндегі көрсеткішпен салыстырғанда 803 млрд теңге болды.

<https://web.telegram.org/k/#@kmgpress>

ӨНДІРІС

ІЛЕСПЕ МҰНАЙ ГАЗЫН КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ АУҚЫМДЫ ЖОБАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРДЫ

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Оңтүстік-Батыс Камысты кен орнында қуаты 4,8 МВт болатын газ поршенді электр станциясы (ГПЭС) салынып, іске қосылды. Ол Оңтүстік-Батыс Камысты, Оңтүстік-Шығыс Новобогат және Оңтүстік-Шығыс Новобогат карниз үсті, Оңтүстік-Шығыс Камысты, Жанаталап кен орындары электр көзімен қамтамасыз етеді.


Газ поршенді электр станциясын салудың негізгі мақсаты – ілеспе мұнай газын тиімді көдеге жарату, сонымен қатар өндіріс пен шаруашылықтың қажеттіліктері үшін кен орындарды электр энергиясымен қамтамасыз ету.

Ілеспе газды өз электр энергиясын өндіру үшін пайдалану мұнай өндіруші кәсіпорындардың электр қуатын беретін сыртқы көздерге тәуелділікті азайтуға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде сыртқы желілерден электр энергиясын сатып алуға жұмсалатын шығын мөлшерін едәуір қысқартады. Жобаны іске асырудың нәтижесінде электр энергиясын сатып алу 55% үнемделеді.



Ілеспе газды пайдаланатын ГПЭС салу жобасы «Ембімұнайгаз» АҚ ұстанатын экологиялық қауіпсіздік және экономикалық тиімділік қағидаттарына толық сай келеді.

Бұл бастама өзінің тиімділігін дәлелдеді және алдағы уақытта оны «Ембімұнайгаз» АҚ-ның басқа кен орындарына тарату жоспарда.



КЕЗДЕСУ

ӨНДІРІСТІ ОҢТАЙЛАНДЫРУ – ТИІМДІ БАСҚАРУ



«Ембімұнайгаз» АҚ-ның басымдық беретін бағыттарының бірі – өндірісті тиімді басқару, шығындарды оңтайландыру. Сол арқылы компанияның қаржылық жағдайын тұрақтандыру.

Алдымен өндірісті тиімді басқару деген ойды тарқата айтсақ. Бұл кәсіпорынның ресурстарын (адам, құрал-жабдық, қаржы) тиімді пайдалану арқылы өнім өндіру процесін ұйымдастыру мен бақылау жүйесін дамыту. «Оған жауапты мамандардың белсенділігі қандай?» деген сауалмен басқармаларда кеңейтілген жиын өтті. Форматы бұрынғыдан сәл өзгеше. Ашық диалог, пікір алмасу, ұсынысты ортаға салу, ортаға түскен сауалға көп болып жауап іздеу... яғни, еркін формат.

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Абат Құтжановтың жетекшілігімен жұмыс тобы құрылып, олар «Жайықмұнайгаз», «Доссормұнайгаз», «Қайнармұнайгаз», «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларында арнайы іс-сапарға шығып, дәл осы мәселемен танысты. Яғни, жиынға өндіріс шебері мен цех басшылары шақырылып, басшылық құрам олармен бірлесіп өндірісті тиімді басқарудың жолдарын, негізгі мамандардың міндеттерін белгілеуді жан-жақты талқылады.

Алдымен аталған төрт мұнай-газ өндіру басқармасындағы шығындарды оңтайландыру мәселесінің бүгінгі жағдайы тыңдалды.

Өндіріс шеберлері мен цех бастықтарының компанияның табысын арттыру мақсатында артық шығындарды анықтап, оларды азайту жолдары туралы пікірлері тыңдалды.

«Өндірісті тиімді басқару мен шығындарды оңтайландыру кәсіпорынның нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттырып қана қоймай, оның ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Бұл екі бағыт бір-бірімен тығыз байланысты: тиімді басқару арқылы шығындарды автоматты түрде азайтуға болады, ал шығындарды басқару – тиімділіктің кілті», – деді Абат Амангелдіұлы.

Бұдан кейін А.Құтжанов Компанияның өз шығындарын азайту мақсатында қолға алып жатқан жобаларына кеңінен тоқталып өтті. Бүгінгі таңда Ембі өндірісінің жұмысын үздіксіз ұйымдастырудағы қаржыға қатысты мәселе – электр энергиясына барып тірелетіні анық. Компания «Атырау-Жарық» АҚ-нан жыл сайын электр энергиясын сатып алуға. Монополист кәсіпорын ток көзінің бағасын үнемі құбылтып отыратыны баршаға мәлім. Мәселен, 2024 жылы 1 кВт ток көзін 33 теңгемен сатып алсақ, биыл 1кВт энергия көзінің бағасы 40 теңгеге дейін көтерілді. Ембі өндірісінің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету үшін электр энергиясына жыл

сайын компания 8,5 млрд теңге қаражатты «Атырау-Жарық» АҚ-на төлеп келеді. Бұл – Компания бюджетіне үлкен шығын. Басшылық осы шығынды азайту мақсатында «Жайықмұнайгаз» басқармасының Оңтүстік-Шығыс Новобогат кен орнында ілеспе газды көдеге жарату жобасын (ППЭС) іске қосты. Тарата айтсақ, Оңтүстік-Батыс Камысты, Оңтүстік-Шығыс Новобогат

бірінші деңгейі өндіріс шебері мен цех механиктеріне қатысты. Бірінші деңгейде күнделікті жұмыс кестесін дұрыс құру және еңбек тәртібінің сақталуын бақылау жатады. Бірінші деңгейге жауаптылар жұмысшылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, өндірісте апатты, жазатайым оқиғалардың алдын алуға жұмыстанады. Ашып көрсетсек, күн сайын жұмыс басталғанға дейін жұмыс орнының дайындығын көзбе-көз қарап тексеру. Оған не кіреді десек, құрал-жабдықтардың талапқа сай екендігін, әр жұмысшының жеке қорғаныс құралдарының толық екендігін бақылау. Өндірістегі

өз деңгейінде болмауынан, дәлірек айтсақ, 1-2 деңгейлердің толық орындалмауынан кемшін тұстардың орын алуы тоқтамай келеді. Апатты оқиғалардың орын алып келе жатқаны кездесу барысында жан-жақты баяндалды.

Көп деңгейлі бақылау не үшін керек?

1. Өндірісте орын алған ақауларды дереу анықтауға мүмкіндік береді;
 2. Орын алған оқиғаларға жедел әрекет ету артады;
 3. Өндірістегі апаттар мен еңбек жарақаттарының қаупі төмендейді.
- Жиын барысында жиналғандардың назарын аударған тағы бір маңызды мәселе –

ресурстарды тиімді пайдалану, жұмысшыларға бағыт-бағдар беру – осы міндеттердің барлығы солардың иығында. Сондықтан өндіріс сапасы мен нәтижесі тікелей осы мамандардың кәсіби шеберлігі мен басқару қабілетіне тәуелді.

Өндіріс процесін дұрыс ұйымдастырып, нақты жоспар құруға кен алаңдарына қажетті құрал-сайман, жабдықтарды дұрыс жоспарлау жатады. Бүгінде компанияның қоймаларында өтімді емес жабдықтар жиналып қалған. «Ол қалай жинақталады?» деген мәселе жиында кеңінен айтылды. Енді бұл орайдағы жауапты



және Лиман кен орындарында қуаттылығы 4,8 МВт болатын газ поршенді электр станциялары (ППЭС) салынып. Газ электр станциясын салудың негізгі мақсаты ілеспе газды тиімді пайдалану арқылы өндірістің қажеттіліктері үшін электр энергиясын өндіру. Сол арқылы сырттан электр энергиясын сатып алуды айтарлықтай азайтуға жол ашылады. Компания электр энергиясын сыртқы көзден сатып алуға кететін қаражатты 55 пайызға төмендетуге қол жеткізеді. Ең бастысы, осы жобаны іске қосу арқылы қосымша мұнай өндіруге мүмкіндік болады. Бұл бойынша **«Жылына 80 млн текше метр газ және 107 мың тоннаға дейін мұнай өндіруге қол жеткіземіз»** дейді ембілік мамандар.

Жаңа жоба туралы тереңірек баяндаған А.Құтжанов залда отырған өндіріс шеберлері мен цех бастықтарын жеке-жеке сөзге тартып, олардың күнделікті жұмыстарын қалай бастап, одан әрі қалай ұйымдастыратынын білмек мақсатында нақты сауалды алға тартты. Көптен бері жұмыс істеп жүрген лауазым иелеріне оңай болып көрінгенімен залдағы экранда нақты оқиғаны көрсетіп, «Осы мәселені сіз қалай шешер едіңіз жұмыс барысында?» деген сауалға келгенде кідіріп қалғандардың болғаны рас. Демек, күнделікті жұмыста кейбір лауазым иелерінің салғырттау қарауы әлі де бар. Соның салдарынан өндірістік бақылаудың талаптары өз деңгейінде сақталмайтыны орын алып келе жатыр.

Бақылау жасау, жұмысты дұрыс ұйымдастыра білудің деңгейлері жиын барысында кеңінен талқыланды. Өндірістік бақылаудың

өзге де қалыпты жағдайлардан ауытқулардың жоқтығына көз жеткізу. Тексеру барысында байқаған ақауларды журналға тіркеу. Бірінші деңгейде анықталған қауіпті өндірістік факторларды дереу жоюға жұмыстану керек. Егер оны бірінші деңгеймен шешу мүмкін болмаса, цех бастығына жолдайды. Ол екінші деңгейге жатады. Екінші деңгейде цех бастығы өндірістік ақауды реттеу жөнінде мұнай-газ өндіру басқармасының аппаратына жолдайды. Бұл – үшінші деңгей. Үшінші деңгейде өндірістік қауіпсіздік талаптарын орындауды қамтамасыз етуге қатысты туындаған мәселені шешу мүмкін болмаған жағдайда төртінші деңгей араласады. Төртінші деңгейде бұл мәселе «Ембімұнайгаз» АҚ-ның орталық аппаратында талқыланады. Ал, бесінші деңгейде өндірістік

өндірістің тиімділігі, барынша шығынсыз еңбек ету. Немесе шығындардың көлемін азайту.

Өндірістің тиімділігі – ең алдымен бірінші және екінші деңгейдегі мамандардың кәсіби шеберлігіне байланысты. Яғни, шеберлер мен цех бастықтары. Себебі, олар – өндірістің негізгі тірегі. Жұмыс процесін дұрыс ұйымдастырып, нақты жоспар құру,

мамандардың пікіріне құлақ түрсек: **«Біз жыл сайын өндіріске қажетті құрал-жабдықтар бойынша сұраныс береміз. Олар SAP-та тіркелуімен жауапты мамандардың назарында тұрады. 90 күннен кейін тауар SAP-тағы тіркеуден алынады да, ол қоймада тұрғанымен, тиісті мамандарға ол қолжетімді болмай қалады. Көрінбейді. Міне, осыдан келіп ол**



сайданның барын ескерместен тағы да бірнеше данаға сұраныс береміз. Осыдан келіп қоймада өтімді емес жабдықтар жиналып қалады. Ол да – Компанияның қыруар қаражатына келген тауарлар. Қаражатты үнемдеудің жолы – сұранысты дұрыс рәсімдеу. Бұл орайда SAP-тағы тіркеуде тұру уақыты – 90 күн деген шектеуді алып тастауды ұсынамыз. Сонда қаржылық шығынды реттеу арқылы, өндіріс шығындарын оңтайландыруды айтарлықтай реттейміз».

Жиын соңында Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары А.Құтжанов мамандардың бұл ұсынысын аяқсыз қалдырмайтынын, алдағы уақытта назарға алынаатынын айта өтті. ET

Кен алаңдарының жұмысы, тыныс-тіршілігі туралы материалдар топтамасының бүгінгі шығарылымы «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Ботақан кен алаңына арналады. Осыдан 44 жыл бұрын, 1981 жылы пайдалануға берілген кеніштің бүгінгі бейнесін саралаған жазбамыз – Ембінің жүрегіне айналған кен алаңдары туралы шығарылымдар сериясының жалғасы.



БОТАҚАН КЕН ОРНЫ: 44 ЖЫЛҒЫ ҚАЖЫРЛЫ ЕҢБЕК

Ботақан кен алаңының қорында 77 мұнай өндіру ұңғымасы бар. Кен қабатына су айдау ұңғымасының саны – 18. Ботақан мұнай және газ өндіру цехында екі ауысыммен 63 адам еңбек етеді. Қара алтын қорын молайту саласында маңдай терін төгіп жүрген мұнайшылардың еңбегін айшықтау, басқармада атқарылып жатқан жұмыстарды көрсету мақсатындағы сапарымыздың негізгі миссиясы – цехтың бір күндік жұмысымен танысу. Жол бастаушымыз – **Ботақан мұнай және газ өндіру цехы бастығының орынбасары Қуандық Қонанов**.

Ол ең алдымен қабат қысымын сақтау бригадасына алып келді. **Мұнай-газ өндіру цехының жерасты қабат қысымын сақтау шебері Берік Алдабергенов** жалпы жұмыс барысымен таныстырды.

«Біздің негізгі міндетіміз – жерасты қабат қысымын сақтау, ұңғымалардың қысымын көтеру. Бұл жұмыстарды 7 қызметкермен бірге атқарамыз. Олардың 4-і – машинист, 3-і – қабат қысымын қадағалау операторы. Соның біреуі, әріптесім **Айгүл Сақтағанова** су айдау ұңғымаларының қысымын тексеріп отырады. Бөлімшеде 5 сорап, 18 ұңғыма бар. Олардың жұмыстары арнайы экран арқылы бақыланып отырады. Яғни, мамандардың үздіксіз қадағалауында».

Келесі маңызды нүкте – Мұнай жинақтау пункті. **Мұнай дайындау және тасымалдау цехының шебері Ренат Кузнецов**: «Бұл – мұнай дайындау және айдау бригадасы. Осы жерде ұңғымалардан келген мұнай өнімдерін газдан, судан ажыратамыз. Бұл процесті операторлар үнемі қадағалап отырады» деді. Дәл қазіргі уақытта **оператор Нұрбол Төлегенов** арнайы экран арқылы бақылап, толық қадағалап отыр. Дайындалған мұнай өнімдері Қарсақ кен алаңындағы мұнай дайындау және айдау цехына тасымалданады.

Маңызды салада маңдай терін төгіп жүргендердің тағы бірі – жерасты жөндеу жұмыстарын жүргізушілер. Ұңғыма басындағы қайнаған еңбек ортасына келген бізді **Жерасты жөндеу цехы Ботақан бригадасының шебері Нұрболат Мұқанғалиев** қарсы алып, жұмыс барысымен егжей-тегжейлі таныстырды. «Жалпы бригаданың жұмысы – жерасты құрал-жабдықтарын жөндеу. Жұмыс жоспарына сәйкес, қазіргі уақытта кен алаңындағы ұңғымалардың басына парафинге қарсы қырмалы

қармақтарды (скребок) орнатудамыз» дейді ол.

Маманнан білгеніміздей, жөндеу жұмыстары кен алаңдарына байланысты әртүрлі уақытқа созылады. Мәселен, Ботақан кен алаңында парафин көп болғандықтан, жөндеу жұмыстарына да көп уақыт кетеді.

Әрине, өндірістегі негізгі жұмыстың бірі – мұнай өндіру процесі. **Ботақан мұнай-газ өндіру цехының мұнай өндіру шебері Мұрат Аустинязов** сөзін 77 ұңғыманы үздіксіз бақылау бағытында ұйымдастырылған жұмыстар туралы айтудан бастады. «Ұңғымалар 4 аумақ, яғни, «обходка» бөлінген. Әрқайсысында 2-3 оператор жұмыс жасайды. Қысы-жазы, қандай ауа-райы болса да, қызметтен қол үзбейтін әріптестеріміз қара алтын өндіруге зор үлес қосуда» дейді шебер.

Өзіне бекітілген аумақтағы ұңғыманы тексеру жұмыстарын жауапкершілікпен атқарып жүрген **мұнай-газ өндіру операторы Асхат Дүйсенғалиев** бұл салада жұмыс жасау зор мақтанш екенін айтып өтті. «Дәл қазір «құбыр іші», «құбырдан тыю» қысымдарды қадағалаудамын. Өзіме бекітілген ұңғымаларды күнде аралап, шеберден алған тапсырмама сай, жұмысымды жасаймын. Мұнайшы – мәртебелі мамандық. Осы салада еңбек етіп жүргенімді мақтан тұтамын» дейді ол.

Саладағы көлік тасымалы, арнайы көлікпен қамтылу мәселесі – үлкен мәнге ие. Кен алаңындағы қызу жұмыстардың қарқынын қалыпты деңгейде ұстауда «Доссормұнайгаз» МГӨБ қарасты 2 үлкен автоколоннаның қосар үлесі мол. Олардың бірі – Шығыс Мақат кен алаңында болса, екіншісі – осы.

Ботақан кен алаңындағы арнаулы техника және көлік автоколоннасының механигі Бауыржан Қарақойшиев 70 шақты техника бар екенін баяндады. Оның ішінде сұйық тасымалдау, арнаулы техника, цементтеу агрегаттары, ҰДПА (АДПН) көліктері бар. «Бұл жерде 70 қызметкер еңбек етеді. Алтыкөл, Қошқар, Комсомол кен орындарын арнаулы техникамен қамтамасыз етіп отырмыз» дейді ол.

Қызметкерлердің денсаулығын қадағалап отыру, олардың саулығына мән беру – Компания ұстанатын бағыттардың бірі. Осы ретте кен алаңдарында арнайы медициналық пункттер жасақталған.

Ботақан кен алаңындағы медициналық нысан да өзге кен

орындарындағы секілді жұмысын ерте бастайды. Бұл туралы толық түсіндіріп өткен **дәрігер Орынбек Таубаев** қызметкерлердің күнделікті жұмысын медицина саласы маманының тексерісінен кейін ғана бастайтынын жеткізді.

«Әр қызметкердің жеке шағымдарын сұрап, қан қысымын тексереміз, алкотесттен өткіземіз. Медпункте екі маман: аға дәрігер және фельдшер жұмыс жасаймыз. Қызметкердің денсаулығына қатысты қандай да шағымы болса, ем-шара бөжесіне алып келеміз. Тексеріп, қажет болса, тиісті дәрі-дәрмектер береміз. Ал, жүрегінде шағым болса, ЭКГ аппаратына түсіріледі» дейді ол.

Айта кетейік, медицина саласы мамандарының оң қорытындысы берілген жағдайда ғана қызметкер жұмысқа қосыла алады.

Қызметкерлердің жайлы жатын орынмен, дәмді тағаммен қамтамасыз етілуі жұмыс өнімділігін арттыруға себепші амалдардың бірі болуымен қатар, жұмысында үйдегідей жайлылық сезінуі үшін де маңызды. Осы мақсаттағы жұмыстарды үйлестірушілердің бірі – **кен орнындағы асхананың бас аспазы Жанар Қалиева**. Ас мәзірінің 2 апта сайын жаңартылып отыратынын жеткізген сала өкілі мұнайшылардың мәзірінде диеталық тағамдар да бар екенін айтып өтті. «Асханада 100 адам тамақтанады. Күнделікті тағамдар дайындауда бірінші тағамның 2 түрін, екінші тағамның және салаттардың 3 түрін дайындаймыз. Түнгі ауысыммен жұмысқа баратын қызметкерлер де тағаммен қамтамасыз етіледі» дейді ол.

Жайлылық туралы сөз қозғалғанда, әрине жатақхана жайы қозғалады. Бұл бағыттағы жұмыстар туралы **Ботақан кен орны жұмысшылар жатақханасының меңгерушісі Айсұлу Исеналиева** айтып өтті. «Жатақхана 120 орындық, барлығы 39 бөлме бар. 2, 3, 4 орындық бөлмелер. Екі демалыс орны, жаттығу бөлмелері және билырд бөлмесі бар. Керекті жабдықтармен толық жабдықталған» деді ол.

Осылайша **Ботақан кен алаңындағы әр күн ел экономикасының дамуына үлес қосуда. Жоспарлы іс-шаралары тиянақты атқарып жүрген мұнайшылардың табысты еңбегі мен ұжымдағы тату тірлік – Ембі кен алаңдарының барлығына ортақ жетістіктердің бірі.** **ЕТ**



БАЙҚАУ

«Мерейлі мұнайшы»: ЖЕҢІМПАЗДАР АНЫҚТАЛДЫ



ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ

Ембіліктер арасындағы «Мерейлі мұнайшы» дәстүрлі байқауы мәреге жетті. «Мұнайшы қыз» клубының бастамасымен ұйымдастырылған конкурс ішкі байланысты, әріптестік қарым-қатынасты дамытуды көздейді. Осымен 5-рет ұйымдастырылған сайысқа қатысушылар саны жыл санап артып келеді. Оған биылғы байқауға 35 жұмыстың түсуі – дәлел.

Арнайы құрылған қазылар алқасы конкурсқа жіберілген барлық видеотүсірілімдермен танысып, шартқа сай болуы,



Əli BEKSEITOV



Rinat ALIEV



Murtbek SHAGIROV



Mawlen MUKHAMBETALIEV

болмысын айшықтаған ембіліктер бұл бөлімге 17 видеотүсірілім жолдады.

Ал екінші аталымда өзінің бір күндік жұмысын баяндап, қысқа роликке жұмысын, атқаратын қызметін толық сыйғызу – шеберлік пен креативтілікті талап ететін қабілет.

Бас директорын орынбасары, байқаудың қазылар алқасының төрағасы Рысты Тасмағамбетова комиссия отырысында: «Мерейлі мұнайшы» байқауы алғаш рет 2021 жылы ұйымдастырылып, содан бері үздіксіз өтіп келеді. Жыл сайын байқауға ұсынылатын жұмыстар әр тақырыптарды қамтиды. Биыл байқауға түскен

жұмыстардың ұжымдағы арқасында сыйластықты, әріптесінің бойындағы жақсы қырды, маман ретіндегі орнын көрсетуге тырысқан талпынысты көрдік. Әр цехтың, әр мамандықтың жұмысымен тереңірек таныстық. Сол үшін қуандық. Өйткені, осындай жобаларға қатысудың астарында ұжымдық тұтастық жатыр. Демек, біз өз көздегенімізге жеттік. Байқаудың нәтижелілігі де сонда» деп атап өтті.

Конкурстық комиссия отырысында қазылар алқасы барлық жұмыстарды жан-жақты талдап, шешім шығарды. Айта кету керек, ұсынылған жұмыстар қатарында

талапқа сай келмейтін, тақырыпты аша алмаған жұмыстар саны басым болды.

Қорытындысында, «Жанымда жүр жақсы маман» номинациясы бойынша «Қайнармұнайгаз» МГӨБ Кенбай мұнай-газ өндіру цехына қарасты Солтүстік Қотырмас кен орнының жерасты қабат қысымын ұстау операторы Əли Бексеитов I-орын иегері атанды. Ол әріптесі Дәурен Мәлікұлының атқаратын қызметін терең түсіндірумен қатар, видеоны түсірудегі креативтілігімен көзге түсіп, үздік атанды. Атап өтерлігі, бұл номинация бойынша өзге жұлделі орындар лайықты жұмыс болмауы себепті,

анықталған жоқ.

«Бір күнім – бір минутта» номинациясы бойынша I орын иегері – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ №1 С.Балғымбаев мұнай және газ өндіру цехының қабат қысымын сақтау операторы Rinat Aliev. II-орын иегері – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ қарасты арнаулы техникалар және автокөліктер колоннасының слесарь-электригі Murtbek Shagirov, III-орын иегері – «Қайнармұнайгаз» МГӨБ мұнай дайындау және айдау цехының тұзсыздандыру және сусыздандыру қондырғысының операторы Mawlen Mukhambetaliev.

Әділқазылар алқасы жеңімпаздардың креативтілігі, сауатты сөйлеуі, жұмыс сапасы, тақырыптың ашылуы сияқты критерийлер бойынша саралады.

Конкурс жеңімпаздарына диплом мен ақшалай сертификаттарды Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай басқармаларда өтетін салтанатты жиын барысында табыстау жөнінде шешім қабылданды.

Өндірістегі жауапкершілігі жоғары жұмыстарымен қатар, жан-жақты дамуға деген ұмтылыстары мен конкурстағы белсенділіктері үшін барлық қатысушыларға алғыс білдіреміз. ET

БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ:

• ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚ ИЕЛЕРІН НАСИХАТТАУ

• КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК ПЕН ТӘЛІМГЕРЛІК ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ

• ІШКІ КОММУНИКАЦИЯНЫ ЖӘНЕ ҰЖЫМДЫҚ РУХТЫ НЫҒАЙТУ



креативтілігі, тақырыптың ашылуы секілді талаптарды негізге ала отырып, бағалады.

Биыл – жұмысшы мамандықтар жылы. Еңбек адамына деген құрмет қашан да бәсеңдемейді. Айтулы жыл аясында көптеген игі бастамалар қолға алынууда. «Ембімұнайгаз» компаниясы да бұл үрдістен қалыс қалмай, дәстүрлі байқаудың басты тақырыбы ретінде еңбек адамын белгіледі.

Жұмысшы мамандық иелерінің қызметін насихаттау, мұнай саласында еңбек етіп жүрген мамандардың кәсіби шеберлігін, сол ортада орын алған тәлімгерлік құндылықтарды және өндірістік процесті көркем форматта көрсету және құрметтеу, ішкі коммуникацияны және ұжымдық тұтастықты нығайту. Байқау мақсаты осындай.

Конкурс екі номинациядан тұрды: «Жанымда жүр жақсы маман» және «Бір күнім – бір минутта».

Қатысушылар бірінші аталым аясында өзінің әріптесі немесе тәлімгеріне деген құрметін көрсетті. Кейіпкердің кәсіби маман ретіндегі бейнесімен қатар, адами

Байқау номинациялары:

1. «Жанымда жүр жақсы маман»

- Кейіпкерді таныстыру (ұстаз, тәлімгер немесе әріптес)
 - Еңбек жолы, жетістіктері
 - Қатысушыға әсері
- Қажет болса, бірлескен сәттерден үзінділер
- ⌚ 1 – 1,5 минут | 📺 9:16 (Reels), MP4/MOV

2. «Бір күнім – бір минутта»

- Қатысушы туралы ақпарат
- Бір күндік жұмыс барысы
- Міндеттері, құрал-жабдықтары
- Цех, ұжым, атмосфера сипаттамасы
- ⌚ 1 минут | 📺 9:16 (Reels), MP4/MOV



ҚАТЫСУШЫЛАР:

• «Ембімұнайгаз» АҚ ӨҚБ қызметкерлері

МАМАНДЫҒЫМ – МАҚТАНЫШЫМ

Мұнай-газ саласы – ел экономикасының қазығы, ал осы салада қажырлы еңбек етіп жүрген ембілік мұнайшылардың аталған бағыттың дамуына қосып жүрген үлестері зор. Биыл жұмысшы мамандықтар жылы жариялануына орай, қарапайым еңбек адамының бейнесін кеңінен насихаттау мақсатындағы жазбалар сериясын жалғастырамыз.



«БІЛГЕНІҢМЕН БӨЛІСУ ОРТАҚ ЖЕТІСТІККЕ БАСТАЙДЫ»

Құрылғанына биыл 30 жыл толып отырған «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының қолданыстағы құрал-жабдықтарды жөндеу және прокаттау учаскесінің темір жонұшысы Зинеден Молдағалиев – мақтаулы маманның бірі.



Ширек ғасырдан бері осы салада тер төгіп келе жатқан білікті қызметкер үшін жұмыстағы ең басты қағида – қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау.

«Жалпы, қай салада болмасын, ең алдымен, қауіпсіздікті сақтауға мән беру керек. Өйткені, адам және оның өмірі – ең басты құндылық. Мысалы, біз арнайы станокпен жұмыс жасаймыз. Қорғаныш құралдарын кию, мұқият болу – өмірлік маңызды ұстанымдар» дейді ол.

«Өндірістен арнайы сызба келеді. Шойыннан, темірден түрлі бұранда, бөлшектер жасаймыз. Дәлдікпен жасалуы, сапалы өнім болуы үшін тер төгеміз» деген үлгілі маманды ұстаз, білгенін жастарға үйретуден жалықпайтын білікті тәлімгер деп те айтуға болады. Оның дәлелі – әріптесі, қасында қанаттас қызмет атқаратын Аралбай Елешовтың «Үздік маман-2025» кәсіби шеберлік байқауында III орын алуы.

Жұмысшы мамандық иелерін насихаттау мақсатында атаулы жылдың жариялануын құптарлық бастама санайтын З.Молдағалиев бұл жұмыстардың әрқашан сұраныста болатынын, соған сай жастарды ынталандыру үшін бұл жылдың берері көп екенін айтып өтті. **ET**

42 ЖЫЛ МҰНАЙ ӨНДІРІП ЖҮР

«Ембімұнайгаз» АҚ компания табысының негізін қалаған ардагер қызметкерлерімен мақтанады. Солардың бірі – Алтыкөл кен орындарының №1 бригадасы, №4 «Доссор» мұнай және газ өндіру цехының 5-разрядты мұнай және газ өндіру операторы, жалпы еңбек өтілі 42 жылды құрайтын Салтанат Орынбасаров.



орнатуды қоса алғанда, заманауи технологияларды енгізді, мұнай бергіштікті қалпына келтіру және 1 600 метр тереңдіктегі пайдалану колонналарының саңылаусыздығын окшаулау жұмыстарын жүргізді.

Салтанат Елубайұлы ұнғымалардың тұрақты жұмыс режимін қамтамасыз етуге үлкен жауапкершілікпен қарайды, өндірістік міндеттерді шешуге, жаңа жабдық орнатуға және жас мамандарды оқытуға белсенді қатысады. Оның жоғары кәсібилігі, біліктілігі және жұмысты шебер ұйымдастыра білуі әріптестерінің лайықты құрметіне ие етті.

Салтанат Елубайұлының кәсібін адалдығы, еңбекқорлығы мен мол тәжірибесі – жас мұнайшылар үшін жарқын үлгі, «Ембімұнайгаздың» тұрақтылығы мен сенімділігінің символы.

<https://www.gov.kz/memleket/entities/energo/press/news>

Салтанат Елубайұлы еңбек жолын 1981 жылы «Ембімұнай» бірлестігінің «Мақатмұнай» өндірістік басқармасы Комсомольск мұнай және газ өндіру цехында 2-разрядты мұнай және газ өндіру операторы болып бастаған. Еңбек жолында ол мұнай жинау

жүйесін өндірістік қайта құруға, автоматтандырылған топтық өлшеу қондырғыларын ауыстыруға, 15-тен астам құбыр жарылыстарын жоюға, құбыр желілерін жөндеу мен ауыстыру жұмыстарына тікелей атсалысты. Сондай-ақ, мұнайға қанық қабаттарды бөлу үшін «Про-Ямо» типті пакерлерді



«БІЛІКТІ МАМАН – ӘРКЕЗ СҰРАНЫСТА»

Мұнай-газ өндіру саласы бірнеше мамандардың бірлескен еңбегін қажет етеді. Жоғары дәлдікті, кәсіби шеберлікті және қауіпсіздікті талап ететін жұмыстарды лайықты деңгейде атқарып жүрген ембіліктердің ісі – көпке үлгі. Соның бірі – «Доссормұнайгаз» МГӨБ №2 Қарсақ мұнай және газ өндіру цехының электржазбен дәнекерлеушісі Тасболат Мырзағалиев.

Осы салада 20 жылдан бері үздіксіз еңбек етіп келе жатқан әріптесіміз – «Үздік маман» кәсіби шеберлік байқауына қатысушылардың қатарында болғанын мақтан тұтады.

Т.Мырзағалиев – өз ісінің нағыз шебері. Металл конструкцияларды, құбыр жүйелерін, өндірістік құрылғыларды дәнекерлеп, оларды қайта қалпына келтіру – оның күнделікті жұмысы. Бұл мамандықта қателікке жол беруге болмайды. Сондықтан, ол қауіпсіздік техникасын қатаң сақтауды басты қағида етіп алған.

«Дәнекерлеу – тек от пен темірдің қақтығысы емес, бұл – дәлдік, сабыр мен жауапкершілік. Қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау өзінің ғана емес, бүкіл ұжымның амандығына тікелей әсер етеді», – дейді тәжірибелі маман.

Бүгінде дәнекерлеушілерге деген сұраныс жоғары. «Технология дамығанымен, кәсіби маманның орнын ештеңе алмастыра алмайды. Себебі әр жоба – бірегей, әр құрылғы – ерекше тәсілді талап етеді» деген әріптесіміз жастардың бұл жұмыстан қашпауы керектігін атап өтті. **ET**

ШЕБЕРЛІК ПЕН ТӨЗІМНІҢ ТОҒЫСЫ

Байырғы кәсіпті бүгінге дейін жалғап, өз ісіне адалдықтың айқын үлгісі болып жүрген білікті маманның тағы бірі – «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Құсарыдағы өндірістік құралдарды жөндеу және пайдалану телімінің ұстазы Қайрат Құрманғалиев.

Өндірістің жүрегі – адам. Ал сол қайнаған еңбектің арасында шеберлігімен танылатын, көзге көрінбейтін еңбек иелері бар. Солардың бірі – ұста. Оның қолынан шыққан құрал-жабдықтар кен алаңдарында күнделікті қолданыста.

Дәлдік пен ептілік. Мұқияттылық пен төзімділік. Осындай қасиеттерді бір бойына топтастырған тәжірибелі әріптесіміздің жұмысы – жай ғана металды балқытып, темірді майыстыру емес. Бұл – тәжірибені, табандылық пен шығармашылықты қатар қажет ететін күрделі іс. Қарапайым болаттан бекіткіш элементтер, өндіріске қажетті бөлшектерді жасап шығару үшін білім мен шеберлік қажет.

Қайрат Құрманғалиев – бұл салада 1985 жылдан бері жасап келе жатқан көп жылғы тәжірибесі бар ұста, маңызды техникалық бөлшек, жабдықтарды, құрал-саймандарды уақытылы және сапалы дайындап беретін сенімді



маман. Ол үшін әр темір – болашақ өнім, әр бұйым – өз қолтаңбасы. Өндіріске қажетті құралды жасап қана қоймай, оны қауіпсіз әрі тиімді етіп беру – шын шебердің қолынан ғана келетін іс.

«Өндірістен келген тапсырыстар бойынша жұмыс жасаймыз. Темірді балқыту пеші 150 градусқа

қызып тұрса, 80 келілік салмақпен соғамыз. Қол күшін қажет етеді. Темірді өндеу, қыздыру, соғу – күнделікті жұмыстар болғанымен, әр жасалатын бұйымға бөлек-бөлек қараймыз. Кейде бір бөлшектерді әп-сәтте жасап берсек, кейбір құралдарды ұзақ дайындауға тұра келеді. Асқан шыдамдылықты қажет етеді. Керекті мөлшерге дейін қыздыру, оны белгілі бір формаға келтіру, миллиметрлік дәлдікпен дайындау – тәжірибемен келетін нәтиже» дейді ол. **ET**

«ЖАУАПКЕРШІЛІК – ЕҢ ЖОҒАРЫ ЖЕТІСТІК»

«Ембімұнайэнерго» басқармасының «Жайық» аудандық электр торабының 4 дәрежелі электромонтері Дархан Лұқпанов – ұжымдағы үлгілі қызметкердің бірі. Ол жоғары жауапкершілігімен, өз ісіне деген кәсіби ұмтылысымен және еңбекқорлығымен ерекшеленеді.



«Біздің жұмысымызда электротехника және электромонтаждау салаларында терең білімге ие болумен қатар, қауіпсіздік техникасын мүлтіксіз сақтау да өте маңызды. Өйткені, біздің жұмысымыз – өмірге қауіп төндіретін, аса жауапты» дейді ол.

Қоғамдық жұмыстарға да белсенді қатысатын, айналасына көмектесуге және ұжымдық тұтастықты қолдауға әрқашан дайын әріптесіміз Ембі өндірісінде 7 жылдан бері еңбек етіп келеді.

«Күнделікті жұмысты шеберден тапсырма алудан бастаймын. Мәселен, дәл қазір №102-ұңғыны ток көзінен ажырату үшін, автоматты ажыратып, кернеу жоғайна көз жеткізген соң, арнайы тақтайшаны іліп, жұмысты бастаймын» деген Д.Лұқпанов қатаң талаптар қауіпсіз жұмыс жасауға кепіл екенін атап өтті.

Жалпы жұмыс барысын, 1000 вольтқа дейінгі және 1000 вольттан жоғары жұмыс жасау принципін, арнайы наряд-рұқсат берілу талаптарын толық түсіндірген Д.Лұқпанов: «Жұмысымыз өте жауапты. Төтенше жағдайлар болса, дереу жұмысқа шығамыз. Ауа-райы қолайсыз, жауын-шашынды күндерде уақытпен санаспай жұмыс жасаймыз. Өйткені, өндірістегі барлық жұмыс процесі ток көзіне байланысты болғандықтан, ақауды дереу анықтап, кемшілікті жоюға жұмыламыз» дейді.

Оның пікірінше, жұмысшы мамандықтар әрқашан сұранысқа ие. Өйткені, әр кәсіпорынның тұрақты және үздіксіз қызметі олардың еңбегімен байланысты. **ET**

ҰЛАҒАТ

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

ЕҢБЕКТЕН ТАПҚАН БАҚЫТЫН

«БІЗДІ ТАНЫСТЫРЫП, ТАБЫСТЫРҒАН – ӨНДІРІС»

Прорвадағы мұнай және газ өндіру цехының мұнай-газ өндіру операторы Ғалымжан Қожақыметов пен осы цехтың жерасты қабаты ілеспе суын пайдалану тобының қабат қысымын сақтау операторы Жеміс Гумарова осылай дейді.



– ауыр жұмыстардың бірі. Шыдамдылық керек, тәжірибе керек. Әрине, жұмыстың оңайы жоқ. Қиындықтар болып тұратыны белгілі. Солардың барлығына шыдау керек» деген ол қасындағы жастармен бар білгенімен бөлісіп келеді. «Өйткені, бұл жұмыстар әлі де жүре береді. Сондықтан, лайықты деңгейде жалғастыратын мамандар қалыптастыру – ортақ міндетіміз», деген әріптесіміз – ұжымда

Мектеп бітірген кезінен бастап, бір салада жұмыс жасап келе жатқан отағасы Ғалымжан Алтайұлы – 2024 жылы Президенттің қолынан мұнайшылар күні қарсаңында үшінші дәрежелі «Еңбек даңқы» орденін алған мақтаулы мұнайшы. «Бұл – еңбектің бағалануы. Өте қуаныштымын. Ұзақ жылға жалғасқан, 42 жылдан астам еңбек жолым қалыптасып, осы салаға үлес қосқаным мақтанамын, марқаямын. Әрине, бұл марапатқа ұсыныларда еңбек өтілі ғана емес, жетістіктер, тәртіп сияқты барлық жағдайлар да ескеріледі. Сол саралаудан өтіп, лайықты деп танылғаным – еңбек адамына деген құрмет» дейді ол.

С.Нұржанов, Ақтөбе, Дос кен алаңдарында, жерасты жөндеу жұмыстары саласында өзіндік қолтаңбасын қалдырған тәжірибелі маман кеніштердегі жерасты желілердің қалай орналасқан бағыттарын да дөп басып айта алады. Мердігер мекемелер де оның көмегіне жүгінеді. «Түнде ұйқыман оятса да, кен алаңдарының ахуалын айтып бере аламын» дейді мұнайшы.

Мұнай-газ өндіру саласы – бірнеше сала мамандарының бірлескен еңбек ортасы. Әр саланың өз жауапкершілігі, өз міндеті бар. Жердің асты құпияға толы, өз сыры бар десек, қазіргі уақытта жоғары еңбек өнімділігін көрсетіп келе жатқан Прорва кен алаңында ұзақ жылдар бойы фонтандық әдіспен өнім беріп келе жатқан ұңғымалар бар. «Осынау нәтижеде салалық мамандардың қосар үлесі қандай?» деген сауалға мұнайшының берер өз жауабы да бар. «Сораптарды күтіп ұстау, көзін ашу, өнім беруіне жағдай жасау үшін бәріміз жабылып, тер төгеміз. Рас, фонтандық әдіс бізде кең таралған. Бұндай нәтиже – Прорвалық мамандардың үлкен жетістігі деп айтар едім. Мұнайдың құрамы әртүрлі. Мәселен, Прорва мұнайы қоюланып кетуге бейім. Қысымын қадағалау, реагенттер қосу, су айдау сияқты жұмыстарды сапалы жасау – біздің міндетіміз. Жұмысымызда жауапкершілік жоғары. Еңбек жолымда кемшіліктер болдырмауға, қателікке бой алдырмауға бар күшіміз, біліміміз мен тәжірибемді жұмсап келеміз. Мұнайшы

сыйлы. Өз жұмысына жауапкершілікпен қарауы – бәріне үлгі.

Бүгінгі таңда 4 баласынан өрбіген ұрпақтарының қызығын көріп отырған үлгілі отбасы Жаңа Қаратон кентінде тұрады. Отанасы Жеміс Төлепқызы – Қызылқоға өңірінің тумасы. Салалық техникуды бітірген соң, жұмысқа орналасқан. Ембіде еңбек еткеніне 37 жыл болыпты.

«Абыроймен еңбек ету – адам мамандарының бірі емес пе. Шүкір, біз бақыттымыз. Ұрпақ өсіріп отырған, немере-жиен сүйген ата-әжем. Тұрақты жұмысымыз бар. Ортада сыйлы болып, айналамызға ақыл-кеңес айтып, білгенімізбен бөлісіп отырғанымыздың өзі – біз үшін қуаныш» дейді отағасының сөзін жалғасқан жары.

Жарты ғұмыры осы өндіріс даласында өтіп жатқан мұнайшылар вахталық ауысыммен еңбек етеді. «Айналамыз да, үйдегі бала-келін, немерелеріміз де біздің жұмысымызға үйренген. Барлық жоспарларымызды соған сай, ыңғайлаймыз. Әрине, үйде болғанымызды жақсы көріп тұрады. Бірақ, жұмыстан қол үзуге болмайды. Кейде «Қызмет бабымен жүріп, балаларымызға лайықты деңгейде көңіл бөле алмадық-ау» деген ойларымыз да болады. Сондықтан, зейнеткерлік демалысқа шыққанда, ең алдымен немерелерімізге уақыт арнаймыз. Ұрпағымыз – ең басты байлығымыз» дейді олар.

«Жұмыста жүрсек, үнемі қозғалыстамыз. Ал, демалыста ұзақтау жатып қалсақ, аяқ-қолымыз сырқырап қалатындай. Сондықтан, бұйырса, зейнеткерлік демалыста да еңбектен қол үзбей, бауырларымының шаруашылығына қолғабыс қылғым келеді. Өйткені, біз еңбекпен есейдік. Екеуіміз де 10 баламыз отбасынан шыққанбыз. Алғашында, ата-анамыздың қолында тұрдық. Кейін енші алып, отау үй болдық. Қазір шүкір, балаларымыз аяқтанды. Қара шаңырақта кенже ұл мен келініміз қолымызда» деген мұнайшылар отбасы – адал еңбектің абыройға бастайтынын дәлелдеп жүрген жандардың бірі. **ЕГ**

Прорва кен алаңындағы газ дайындау және күкірт алу цехының инженер-технологы Қалыбек Қабі мен осы цехтың инженер-химигі Алмагүл Аманжол – үлгілі отбасы, белсенді, білімді жас мамандардың бірі.

«БҰЛ – ТАМАША ТАНДЕМ»

«Біздің жұмысымыз да тығыз байланысты. Технологсыз химик, химиксіз технологтың жұмысы ақсап тұрады» деп бастады олар әңгімелерін күлімдеген кейіппен.

Ембі өндірісіне 2019 жылы жұмысқа кіргенін баяндаған отағасы Қалыбек Асылбекұлы: «Оған дейін Алматы қаласында жұмыс жасадым. Ал, мұнда слесарь болып жұмысқа кірдім, кейін оператор болып ауыстым. Соңғы 3 жылда инженер-технолог лауазымында қызмет етіп келемін» дейді. Ал, Алмагүл Аманжолқызы бұл зауыт ашылғалы бері жұмыс жасауда. «2017 жылдан бастап еңбек етіп келемін. Жұмыс өтілім – 8 жыл. Оқуымды бітірген соң, жас маман болып жұмысқа кірдім. Уфа мемлекеттік мұнай техникалық университетінің түлегімін» дейді ол.

Прорва зауытында танысып, 2023 жылы отбасын құрған олар қазір қоян-қолтық еңбек етуде. «Біздердің салаларымыз етене жақын. Инженер-технолог пен инженер-химик бір-бірімен тығыз жұмыс жасайды. Жұмыс барысында да бір-бірімізді толықтырып, бірлесе қызмет етеміз. Мысалы, химик берген талдау нәтижелеріне сәйкес, зауыт режимін қадағалап, бақылап отырамыз. Зертханадан берілген сандар шешуші маңызға ие. Жұмыс ағымын сол деректерге сүйеніп, бағыттап отырамыз. Өндірісте технолог химиксіз, химик технологсыз өз бетінше жұмыс жасай алмайды. Өмірде де солай. Үнемі бірге жүреміз. Бір сала, бір зауыт болғандықтан, жұмыс барысында ғана емес, демалысқа үйге барған кезде де жұмысты талдап, бірге ақылдасып, ортақ ой-пікірлерімізді ортаға салып отырамыз» дейді олар.



«Жұмыста да, үйде де бірге жүру қызықсыз емес па, жалығып кететін сәттер бола ма?» деген сауалым олар үшін таңсық болмаған тәрізді. «Бізге осы сұрақты қоятындар өте көп. Алайда, жоқ. Бұл тамаша тандем дер едік. Ортақ әңгіме, тақылау тақырыбы – бір. Компаниямызда жастарды қолдау шаралары көп, біз де – соларға қатысушылар қатарындамыз. Мәселен, Алмагүл қызметін бастаған кезде «Жас мамандар күніне» қатысып, Lo cat қондырғысына қатысты жоба қорғады» деген күйеуінің сөзін жары жалғады. «Бұл – ТМД елдері арасында бізде ғана қолданылатын жаңашылық. Осындай үлкен іске үлес қосқаным қуаныштымын. Қалыбек те LEAN 6 sigma жобасына қатысып, үздік жоба қорғаушысы болды. Біз байқап отырсақ, демалыста, бос уақытымызда да жобалар жасаймыз екен. Ортақ ой қосып, тақырыпты талдаймыз. Компаниямызда жастарға, олардың жаңа бастамаларына қолдау бар. Жобаға тақырып болар мәселелер көп, тек соның қажеттісін дәл табу керек. Экономикалық есептеулерге сүйеніп, өндірісіке тимділігін саралаймыз. Аз шығынмен табысқа жеткізетін бастамаларды талдаймыз» дейді.

Олар – жұмыста білікті маман болса, үйде анасының бабын тауып отырған мақтаулы ұл мен келін. «Біз анамызбен бірге тұрамыз. Ол да вахталық ауысыммен жұмыс жасайтындықтан, 14 күндік демалыстың бір аптасында ғана бірге боламыз. Сағынысып көрісеміз» деген сөздері – соның дәлелі.

Өз жұмысына қатысты жолдаған сауалыма үлкен қызығушылықпен жауап беріп, егжей-тегжейлі түсіндірген Алмагүл Аманжол газ саласы, лаборатория туралы толық мәліметтерге қанық қылды.

«Ресейде 5 жыл, одан кейін тілдік дағдымды дамыту үшін Малайзияда білім алдым, APU – Asia Pacific University оқыдым. Жаңа айтып өттік, жұмысымыз бір бағыт болғанымен, әрқайсысының өзіне ғана тән ерекшелігі бар. Зауыт жаңа болғандықтан, жаңашылықтар көп, жұмыс ауқымы өте кең.

Жалпы, Ембі өндірісі бойынша, газды талдау, яғни, түрлі анализдер бізде ғана жасалады. Сондықтан, тек өз зауытымыздан ғана емес, өзге басқармалардан да келеді. Прекурсорлармен жұмыс жасағандықтан, қауіпті реактивтер бар. Демек, жауапкершілік өте жоғары. Шикі газ, тауарлы газ, қышқыл газ, жанғыш газ, факел газын зерттейміз. Бір талдауды шығару үшін 3 сағат уақыт кетсе, қосалқы газдан алынатын түйіршіктелген күкірттің анализдері бөлек. Оның нәтижелерін де тез шығара алмаймыз. Бір тәулік жүреміз.

Білесіз бе, газды зерттеу өте қызық. Өзіңіз ойлап қаранышы, ол – қолға да ұсталмайды, көзге де көрінбейді. Бірақ, одан өнім аламыз. Құрамы толық тазартылған тауарлы газ пайдалану үшін ары қарай құбырға жіберіледі. Маған бұл тақырып өте қызық.

Зертхана жұмысы ешқашан тоқтамайды, тәулік бойы жұмыс жасайды. Қасымдағы әріптестерім, лаборанттар – жастар. Ұжымдымыз өте тату» дейді.

«Жалпы, жұмыста ағайын жоқ. Біз – әріптесіміз. Бірақ, көмек қолын созуға әрқашан дайын тұрамыз. Бізге өте ыңғайлы, жұмыста кез-келген сұрақ, мәселе туындаса, ең бірінші ақыл, кеңес сұрайтын адам қасымызда. Әрқашан бірін-бірі қолдау – біздің өмірлік ұстанымымыз» деген отағасының сөзін қолдайтынын білдірген жарының көзқарасы отбасындағы сыйластықты айшықтап тұрғандай әсер сыйлады. **ЕГ**



МУЗЕЙ ҚОНАҚТАРЫ

«Ембімұнайгаз» АҚ интерактивті музейіне келушілердің ұстанатын бағыттары мен танысу сапарларының негізгі мақсаттары осындай.

Осыдан 10 жыл бұрын ашылған музей – қала тұрғындары мен қонақтарының зор қызығушылықпен аралайтын нысандарының бірі.

Компания музейіне арнайы келген Маңғыстау облысы туризм басқармасының басшысы Ерсін Ибрашев, Атырау облысы дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы басшысы Нұрбол Сыдықов пен Visit Atyrau туристік ақпараттық орталығының басшысы Болатбек Нұрлыбай үшін танымдық экскурсия ұйымдастырылды.

Сапардың негізгі мақсаты – өңірдегі туристік аймақтардың қазіргі жағдайымен танысып, оларды дамыту бағытындағы жоспарларды талқылау. Делегация мұнайлы өлкенің мәдени және туристік әлеуетін айқындайтын нысандарды аралау бары-



сында «Ембімұнайгаз» АҚ интерактивті музейіне келіп, қазақ мұнайының бастау алуы, ғасырлық белесті бағындырған отандық Компанияның тарихымен, ондағы құнды деректер, заманауи экспозициялармен танысты.

Жалпы, өңірге іссапар барысында Компания музейіне арнайы келушілердің



қатарында шетелдік меймандар да аз емес. Мәселен, таяуда Грузия, Өзбекстан мемлекеттерінен келген арнайы делегация және China University of Petroleum – Beijing at Karamay оқу орнынан келген қытайлық студенттер «Ембімұнайгаз» АҚ бас кеңсесінде болды. Заманауи музейден мол мағлұмат алғандарын жеткізген қала

қонақтары арнайы сапар барысынан зор әсер алуға септігін тигізген экскурсия үшін өз ризашылықтарын білдірді.

Осы секілді пікір иесінің тағы бірі – Анна Кутелева. Ол University of Wolverhampton оқу орнының лекторы және әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар факультетінің ғылыми қызметкері. Англиядан арнайы келген, Британ университетінің қызметкері мұнай саласын зерттеумен айналысуда. Әлем бойынша салалық бірнеше музейлерді, соның ішінде Өзбекстан, Шотландия, Канада, Ресей, Қытай елдерінде орналасқан мәдени ошақтарды аралағанын атаған ол қазақ мұнайының тарихы туралы жолдаған сауалдарына жауап алуға, құнды деректермен танысуға мүмкіндік беріп, қолдағаны үшін ембілік мамандарға алғыс білдірді. **ET**

СПАРТАКИАДА

ЖАРЫС АЛАҢЫНДА – ЭНЕРГЕТИКТЕР

Салауатты өмір салтын ұстанып, кеңінен насихаттайтын ембілік мамандар үшін спартакиада өткізу – қалыптасқан дәстүр. Соның бір дәлеліндей, тамыз айының 14-15 күндері «Ембімұнайэнерго» басқармасына қарасты аудандық электр тораптары мен бөлімшелер арасында спорт сайысы өтті. Жұмысшы мамандықтар жылына орай ұйымдастырылған жарысты «Ембімұнайэнерго» басқармасының әкімшілігі мен Кәсіподақ ұйымы бірігіп ұйымдастырды.

Тартысты додаға «Жайық», «Прорва», «Кұлсары», «Қайнар», «Мақат», «Доссор» аудандық электр тораптары мен Арнаулы техника және автокөлік колоннасы, Электр химиялық қорғау, Электр монтаждау, Электр жабдықтарына жөндеу жүргізу, Релелік қорғау және метрология бөлімшелері, әкімшілік басқару аппараты командалары қатысты.

Қатысушы 12 топ жекелеген және командалық спорт түрлері бойынша сыңға түсті. Кіші аяқ добы, волейбол, арқан тарту, шахмат, үстел теннисі, тоғызқұмалақ, асық ату, садақ ату, қол күресі (80 кг дейін және 80 кг жоғары), дартс, бильярд, турникке тартылу сайыстары өз деңгейінде өтіп, үздіктер анықталды.

ЖЕКЕЛЕГЕН СПОРТ түрлері бойынша төмендегідей ойын нәтижелері анықталды:

ШАХМАТ: 1-орын – Қадірбек Абуов, 2-орын – Нұрлан Аманжолов, 3-орын – Жанту Каримов.

ҮСТЕЛ ТЕННИСІ: 1-орын – Қадіржан Құншығаров, 2-орын – Нұржан Сатханов, 3-орын – Данияр Сансызбайұлы.

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ: 1-орын – Абай Иманғалиев,

2-орын – Әсет Бақтығали, 3-орын – Қуан Құрбанов.

АСЫҚ АТУ: 1-орын – Жодас Ділмағамбетов, 2-орын – Нұғман Теміров, 3-орын – Болат Қалменов.

САДАҚ АТУ: 1-орын – Берікқали Қанатқалиев, 2-орын – Жасұлан Үмітқалиев, 3-орын – Жодас Ділмағамбетов.

ҚОЛ КҮРЕСІ (80КГ ДЕЙІН): 1-орын – Шабай Аманбай, 2-орын – Азамат Жұмабайұлы, 3-орын – Қанат Төретаев.

ҚОЛ КҮРЕСІ (80КГ ЖОҒАРЫ): 1-орын – Өркен Асанбаев, 2-орын – Асхат Амандосов, 3-орын – Қасым Тенелбаев.

ДАРТС: 1-орын – Қасым Тенелбаев, 2-орын – Ғазиз Ашан, 3-орын – Жасұлан Үмітқалиев.

БИЛЬЯРД: 1-орын – Талғат Тайбуриев, 2-орын – Азамат Байұмиров, 3-орын – Тимур Тажиев.

ТУРНИККЕ ТАРТЫЛУ: 1-орын – Данияр Сансызбайұлы, 2-орын – Нұрұл Мамай, 3-орын – Азамат Байұмиров.

Ал, **командалық ойындар** бойынша үздік үштікке төмендегі топтар ілінді:

КІШІ АЯҚ ДОБЫ: 1-орын – «Мақат» АЭТ, 2-орын – «Прорва» АЭТ, 3-орын – «Доссор» АЭТ.

ВОЛЕЙБОЛ: 1-орын – «Жайық» АЭТ, 2-орын – «Қайнар» АЭТ, 3-орын – Өндіріске қызмет көрсету базасы.

АРҚАН ТАРТУ: 1-орын – «Кұлсары» АЭТ, 2-орын – «Прорва» АЭТ, 3-орын – «Жайық» АЭТ.

Спартакиада қорытындысы бойынша жалпыкомандалық есеп нәтижелеріне сай, «Қайнар» аудандық электр торабы 1-орын иеленсе, «Мақат» аудандық электр торабы екінші орынға табан тіреді. Үздік үштікті «Прорва» аудандық электр торабы түйіндеді.

Спартакиадаға қатысқан барлық жеңімпаздар кубок, диплом, медальдар және Кәсіподақ ұйымының атынан ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Өз кезегінде басқарманың Кәсіподақ ұйымы қызметкерлердің спорттық додаға қатысуына қолайлы жағдай жасаған Компания басшылығына алғыс білдірді. **ET**



«Ембімұнайгаз» АҚ-ның әлеуметтік желілердегі парақшаларына тіркеліңіздер!



Telegram - «Ембімұнайгаз» АҚ



Instagram - @embamunaigas.kz



TikTok - @embamunaigas



Facebook - Ембілік Мұнайшы



You tube - «Ембімұнайгаз» АҚ



«Ембі тынысы» газетін осы QR код арқылы да оқи аласыздар.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы:
Қоғаммен байланыс тобы

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2024 жылғы 18 қаңтарда № KZ69VPY00085699 күәлігі берілді.

Газет айына 1 рет шығады.
Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.
G.Karajanova@emg.kmg.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-66, 21-166
I.Satylganova@emg.kmg.kz

Г.Амирова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309
G.Amirova@emg.kmg.kz

Баспахана: «Реформа» ЖШС
Мекен-жайы: Алматы қаласы

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Р.Тасмағамбетова – Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Қ.Әбенов – Бас директордың кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;

А.Идрисов – Басқарма төрағасы қызметінің жетекшісі;

Ә.Каримов – Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры;

Т.Сәрсенов – Мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Ғ.Қаражанова – Қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;

Г.Қулетова – «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.